

FTAMP 06.77.73

DOI: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2023-59-2-28-34>**Р.К.Сабинова**

э.ғ.к., профессор

«ҚР ЕХЭҚМ Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК

Атырау филиалы

Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [sabirovarysty@mail.ru](mailto:sabirovarysty@mail.ru)

ORCID: 0000-0002-9947-6564

## ҚАЗАҚСТАНДА ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**Аңдатпа.** Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша жазатайым оқиғалардың алдын алу көптеген мемлекеттердің ең маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Жазатайым оқиғалар адами ресурстардың шығынына, яғни еңбекке жарамсыздық, адамның әлеуметтік жағдайының, өмір сапасының нашарлауына және мезгілсіз өлімге әкеледі. Сонымен қатар, нашар еңбек жағдайлары нәтижесінде әрбір болған жазатайым оқиғаның мемлекетке үлкен материалдық зияны тиеді.

Бұл мақаланың басты мақсаты – Қазақстан Республикасының экономика салаларында жұмыс жасайтын жұмыскерлердің еңбек жағдайына байланысты жазатайым оқиғалар бойынша статистикалық мәліметтерге талдау жасау, жазатайым оқиғалардың негізгі факторлары мен себептерін қарастырып, алдын алу бағыттарын негіздеу.

Зерттеу әдісі ретінде танымдық әдіс, статистикалық талдау мен синтез әдісі қолданылды. Жазатайым оқиғалар бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге шолу жасалып, ғылыми дереккөздерге талдау жүргізілді.

Зерттеуде қауіпті өндірістік факторлар мен жазатайым оқиғалардың себептерін талдау негізінде өндірістегі жұмыскерлердің өлім және ауыр жарақаттану тәуекелдерін төмендету жөніндегі ұсыныстар берілді, атап айтқанда авторлар еңбек жағдайын жақсарту, жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі туралы білімін арттыру, өндірісте қолданатын жабдықтардың сапасын жақсарту және еңбек тәртібін күшейтуді ұсынады.

**Түйін сөздер:** Қазақстан; кәсіптік тәуекел; жазатайым оқиға; еңбек қауіпсіздігі; еңбекті қорғау; Еңбек Кодексі;

### ■ Кіріспе

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде кәсіптік тәуекел еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезіндегі жұмыскердің еңбекке жарамдылығынан айырылу (немесе қайтыс болу) тәуекелі деп айтылған.

Кәсіптік тәуекелді бағалау дегеніміз - кәсіпорын немесе ұйымдағы тәуекелдерді сәйкестендіру туралы ақпараттарды талдау және еңбек қызметіне байланысты жарақаттану мен кәсіптік аурулардың, ұжымдық және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы статистикалық деректер негізінде кәсіптік тәуекел дәрежесін анықтау.

Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде кәсіптік тәуекелдерді басқару деп кәсіптік тәуекелдерді сәйкестендіру, оларды бағалау, түзету шараларын алу, бақылау, мониторинг жүргізуді айтады.

Кез келген жұмыс беруші кәсіптік тәуекелдерді бағалауды өзінің атқаратын қызметтер жиынтығына міндетті түрде қосуы тиіс, өйткені жарақаттану тәуекелін басқару көптеген экономика салалары үшін маңызды міндет.

Қазақстанда экономика салаларындағы, әсіресе, құрылыс, кен өндіру, ауыл шаруашылығы ұйымдарындағы еңбек жағдайлары өте қанағаттанарлықсыз, өйткені жұмысшыларға зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың бүкіл кешені әсер етеді. Ауыр физикалық еңбек, шу мен дірілдің жоғарылауы, қолайсыз микроклиматтық жағдайлар, әртүрлі химиялық және биологиялық заттар қызметкерлердің денсаулығына теріс әсер етеді. Сонымен қатар, құрылыс пен ауыл шаруашылығы экономикалық қызмет түрлерінен жұмыстың маусымдылығымен және қол еңбегінің үлкен үлесімен ерекшеленеді.

Зерттеудің басты мақсаты - қазақстандық кәсіпорындарда өндірістік жазатайым оқиғаларды зерттеу болды. Қазақстан Республикасының экономика салаларында жұмыс жасайтын жұмыскерлердің еңбек жағдайына байланысты жазатайым оқиғалар бойынша статистикалық мәліметтерге талдау жасай отырып, жазатайым оқиғалардың негізгі факторлары мен себептерін қарастыру, олардың алдын алу бағыттарын негіздеу.

Зерттеу объектісі ретінде Қазақстандағы кәсіби тәуекелді бағалауда жазатайым оқиғалар таңдалып, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде өндірістік жазатайым оқиға жағдайына талдау жасалды.

Зерттеу пәні – ретінде еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігін жоғарылатуға бағытталған әлеуметтік-еңбек қатынастар жиынтығы.

## ■ Әдебиетке шолу

Зерттеу барысында еңбек қауіпсіздігі мен жазатайым оқиғалардың болуы жөніндегі ғылыми еңбектерге шолу жасалды. Қазақстандық және ресейлік тәжірибеде бұл бағытта зерттеу жеткілікті еместігі анықталды. Айталық, Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің «Бүкілресейлік Еңбек ғылыми-зерттеу институты» маманы Кузнецова Е.А. өндірістегі оқиғаларды, аварияларды және жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру жүргізудің әртүрлі тәсілдерін зерттеген. «Elibrary ғылыми электронды кітапханасында» жазатайым оқиғаларды, апаттарды және оқиғаларды тергеу әдістері» деп іздеу жүйесінен қарағанда небәрі сегіз мақаланың тізімін берген. Олардың тек екеуі ғана көпшілікке қол жетімді. Екі жағдайда да авторлар тек бірінші жағдайда – өндірістегі жасырын жазатайым оқиғаларды, екіншісінде – еңбекке жарамсыздыққа әкелмеген микрожарақаттар мен оқиғаларды тергеу қажеттілігіне сілтеме жасайды[1].

Зерттеу нәтижелері жазатайым оқиғалардың ауырлығына, әр түрлі жасқа, компаниядағы жұмыс өтіліне, еңбекті ұйымдастыруға және жұмысшылардың жұмыс уақытына байланысты әр түрлі дайындық қажет екенін көрсетті. Испания елінің тәжірибесін алып қарасақ, зерттеу Испаниядағы құрылыс жарақатының ықтимал себептері туралы түсінік береді. Талдау нәтижесінде Испаниядағы өнеркәсіптік кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар құрылысшыларға тиісті стратегиялар мен тренингтер ұсына бастайды [2].

Жазатайым оқиғалардың себеп - салдарлық модельдерін қарастырған қытайлық мамандар келесі екі сұраққа жауап береді: 1) неліктен өндірісте жазатайым оқиға орын алады және 2) бұл қалай болады? Бұл модельдер қауіпсіздік ғылымының маңызды теориялық негізі болып табылады және жазатайым оқиғаларды талдау мен алдын алудың маңызды әдісін ұсынады[3].

Қазақстандық ғалымдар, «ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК мамандары Ш.К. Абиқенова, А.П.Коваль, А.Б. Бекмагамбетов «Беларусь Республикасындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мониторингінің ақпараттық-талдамалық жүйесі» деген ғылыми мақалаларында Беларусь Республикасына тән еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау деңгейін статистикалық байқау жүйесін ұйымдастыру бойынша статистиканың басымдығы және оның ел Президентіне тікелей бағынуын, сапа менеджменті жүйесін және халықаралық стандарттарды қолдану, цифрландыру негізінде нақты әдістемелердің болуын қамтитын ерекшеліктерді атап көрсетеді және Қазақстан Республикасы жағдайында осы елдің табысты тәжірибесін қолдану жөнінде қорытындылар мен ұсыныстар жасаған[4].

Зерттеу барысында шетелдік тәжірибе сараланды, мысалы, Финляндияда жұмыс орындарында жұмыс берушілер заң бойынша өз жұмыскерлерін өндірістік жарақаттан сақтандыруға міндетті. Сақтандыру компаниялары өндірістегі жазатайым оқиға туралы ақпаратты Финляндия жұмысшыларына өтемақы төлеу орталығына беруі тиіс. Осы статистикалық ақпарат Финляндияның статистика басқармасымен бірігіп, Финляндиядағы өндірістегі жазатайым оқиғалар туралы статистиканы жариялайды[5]. Осылайша, Финляндияның статистикасы мен деректері жұмысшылар мен қызметкерлер арасындағы өндірістік жазатайым оқиғаларды жақсы қамтиды.

Норвегия бойынша әрбір жұмыс беруші әр қызметкерге өндірісте жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан сақтандыруды рәсімдеуге міндетті екендігі анықталды[6].

Шетелдік және отандық ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, Қазақстанда жазатайым оқиғалардың басты себептерін анықтау және олардың алдын алу бағыттарын толығырақ қарастыру қажеттілігі туындайды.

## ■ Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазуда ғылыми таным әдісінің жалпы ұстанымдары, мәліметтерді жинау мен зерттеу, статистикалық талдау мен синтездеу, ғылыми абстракциялау әдісі қолданылды.

Зерттеуде жазатайым оқиғалар екі жолмен қарастырылды:

- өндірістік жарақаттану мен кәсіби ауру жағдайын статистикалық материалдар негізінде зерттеу;
- зерттеудің монографиялық әдісін қолдану.

## ■ Нәтижелер мен пікірталас

Зерттеуге сәйкес, кәсіптік тәуекелдерді бағалаудың жүйелі әдістері жоқ екені анықталды және мамандардың көпшілігі өз тәжірибелері мен білімдеріне негізделген бағалауды жүргізеді, бұл сенімді емес. Екінші жағынан, жұмыс орындарында қауіпсіздік көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жақсы тәжірибе де өте маңызды.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 524 бұйрығымен бекітілген Кәсіптік тәуекелдерді басқару қағидаларына сәйкес кәсіптік тәуекелдерді басқару тәртібі жүргізіледі, оған кәсіптік тәуекелдерді идентификациялау мен бағалау, сонымен қатар түзетуші іс-шаралар, мониторинг пен бақылау жатады[7].

Біз Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2012 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде ұсынған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар туралы статистикалық деректерді зерттедік (1-кесте).

**1-кесте.** Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде қаза тапқандар саны

|                    | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 |
|--------------------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|
| Барлығы, адам      | 262  | 266  | 263  | 229  | 225  | 211  | 215  | 190  | 203  | 176  |
| Тау кен өнеркәсібі | 38   | 38   | 31   | 40   | 34   | 28   | 28   | 25   | 24   | 31   |
| Өңдеу өнеркәсібі   | 40   | 51   | 44   | 31   | 32   | 29   | 36   | 32   | 39   | 27   |
| Құрылыс            | 64   | 50   | 80   | 78   | 60   | 60   | 53   | 41   | 54   | 34   |

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика Бюросының ресми сайты. <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat?lang=kk> [8].


Нәтижелер көрсеткендей, құрылыс ауыр жарақаттардың жалпы саны тұрғысынан да ең қауіпті салалардың бірі болды, сонымен қатар, өлім-жітімнің жалпы саны тұрғысынан да жоғары болды. Барлық жарақаттардың 52,3% - дан астамы «тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу, құрылыс және өңдеу өнеркәсібі» негізгі кәсіби тобында болды (2-кестені қараңыз).

**2-кесте.** Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде қаза тапқандар саны құрылымының үлес салмағы, пайызбен

|                    | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 |
|--------------------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|
| Барлығы, %         | 100  | 100  | 100  | 100  | 100  | 100  | 100  | 100  | 100  | 100  |
| Тау кен өнеркәсібі | 14,5 | 14,2 | 11,8 | 17,5 | 15,1 | 13,3 | 13,0 | 13,2 | 11,8 | 17,7 |
| Өңдеу өнеркәсібі   | 15,3 | 19,2 | 16,7 | 13,5 | 14,3 | 13,7 | 16,7 | 16,7 | 19,2 | 15,3 |
| Құрылыс            | 24,4 | 18,8 | 30,4 | 34,1 | 26,7 | 28,4 | 28,4 | 21,6 | 26,6 | 19,3 |

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat?lang=kk> [8].

Экономикалық қызмет бойынша жазатайым оқиғалар кезінде қаза тапқандар саны жағынан құрылыс саласының үлесі 2015 жылдан бері жоғары болып отыр(1-сурет).



**1-сурет.** Экономикалық қызмет бойынша жазатайым оқиғалар кезінде қаза тапқандар саны

3-кестеден көріп отырғанымыздай, зиянды өндірістермен айналысатын жұмысшылар саны талданған кезеңде 1,2% - ға азайды, бірақ соған қарамастан қауіпсіздік техникасына сай келмейтін жабдықта жұмыс істейтін жұмысшылардың 4,7 есе өсуі байқалды, бұл өндірісте зардап шеккендердің көбею тәуекеліне әкелуі мүмкін. Көп жағдайда өндірістік кәсіпорындарда жабдықтың жоғары тозуы байқалады[9].

**3-кесте.** Қазақстанда өндірісте зардап шеккендердің және зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыспен қамтылғандардың саны

| Көрсеткіштер                                                                              | жылдар |        |        |        |        | Өсу қарқыны, 2021ж /2017 ж, % |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|--------|--------|--------|--------|--------|-------------------------------|
|                                                                                           | 2017   | 2018   | 2019   | 2020   | 2021   |                               |
| Зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істейтін қызметкерлер саны, мың адам, оның ішінде: | 1660,6 | 1671,6 | 1683,1 | 1645,2 | 1641,6 | 98,8                          |
| -санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келмейтін                                           | 370,1  | 373,1  | 370,3  | 366,9  | 375,0  | 101,3                         |
| -ауыр дене еңбегімен айналысатындар                                                       | 84,6   | 85,3   | 94,0   | 94,3   | 93,6   | 110,6                         |
| -қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін жабдықтарда жұмыс жасайтындар                      | 0,9    | 2,8    | 3,6    | 3,6    | 4,2    | 466,7                         |
| -өндірісте зардап екендер саны                                                            | 2045   | 2160   | 2111   | 2031   | 2133   | 104,3                         |
| -соңы өліммен аяқталған                                                                   | 211    | 215    | 190    | 203    | 176    | 83,4                          |

Дереккөз: [9] әдебиет негізінде құрастырылған.

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 182-бабы 2-тармағының 4-тармақшасына сәйкес зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіпорындарда жұмыс істейтіндерді жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан қорғау мақсатында жұмыс беруші жұмыскерлерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлерді қорғауға арналған техникалық құралдар жататын ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті[10].

Авторлар Т. Дрисколл мен М. Фингерхуттың пікірінше, көп жағдайда өндірістегі жұмысқа байланысты жарақаттар мен аурулардың алдын алу керек, жазатайым оқиғалардың алғышарттарын, өлімге әкелетін және ауыр жарақаттардың шығу тегін түсіну - олардың алдын алудағы алғашқы маңызды қадам [11].

Зерттеушілер Аднан А. Хайдер мен Анжу Аггарвал өндірістік жарақаттар Еуропадағы өлім мен мүгедектіктің жетекші себептерінің бірі деп санайды, аталған ғалымдар ұйымдар мен үкіметтерді Шығыс Еуропадағы жарақаттанудың алдын алу бағдарламаларын жоспарлауға және жүзеге асыруға шақырады [12].

Осылайша, еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың өмірі мен денсаулығын сақтау, сондай-ақ өмір сүру сапасын жақсарту үшін өлімге әкелетін және ауыр жарақаттар мен кәсіптік аурулардың қаупін азайту бойынша нақты іс-шараларды әзірлеу және жүргізу үлкен маңызға ие. Бұл жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша нақты іс-шаралар тек жазатайым оқиғалардың алдын алуға ғана емес, сонымен бірге олардың физикалық, моральдық және қаржылық залалын азайтуға мүмкіндік береді.

Жазатайым оқиғаға әкелетін басты себеп өндірістік жарақаттану екендігі белгілі, оның барлық себептерін үш түрге бөлуге болады:

1. Техникалық;
2. Ұйымдастырушылық;
3. Жеке (психофизиологиялық).

Өндірістік жарақаттанудың техникалық себептеріне технологиялық процестердің «жетілмегендігі», жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың, ұжымдық және жеке қорғану құралдары мен құралдарының конструктивтік кемшіліктері мен техникалық жай-күйі, ауыр жұмыстарды механикаландырудың жеткіліксіздігі, оның ішінде қоршаулардың, сақтандырғыш құрылғылардың, дабыл беру және бұғаттау құралдарының жетілмегендігі, материалдардың беріктік ақауларының және конструкциялардың тозуы және т.б. жатады.

Өндірістік жарақаттанудың ұйымдастырушылық себептері толығымен жұмыс орнында және жалпы кәсіпорында еңбекті ұйымдастыру деңгейіне байланысты. Оларға мыналар жатады: аумақты, өткелдерді, жұмыс орындарын күтіп ұстаудағы кемшіліктер; жабдықты, көлік құралдарын, құралды пайдалану қағидаларын бұзу; жұмыс орындарын ұйымдастырудағы кемшіліктер; технологиялық регламентті бұзу; материалдар мен бұйымдарды тасымалдау, сақтау және сақтау қағидалары мен нормаларын бұзу; жабдықты, көлік құралдары мен аспапты жоспарлы-алдын ала жөндеу нормалары мен қағидаларын бұзу; жұмысшыларды қауіпсіз еңбек әдістеріне оқытудағы кемшіліктер; топтық жұмыстарды ұйымдастырудағы кемшіліктер; қауіпті жұмыстарды техникалық қадағалаудың әлсіздігі; машиналарды, механизмдер мен құралдарды мақсатсыз пайдалану; жұмыс орындарының қоршауларының болмауы немесе жетілмеуі; жеке қорғаныс құралдарының болмауы, ақаулығы немесе қолданбауы және т. б.

Өндірістік жарақаттанудың жеке (психофизиологиялық) себептеріне қызметкердің физикалық және жүйке-психикалық шамадан тыс жүктемелері жатады, бұл оның қате әрекеттеріне әкеледі. Адам үлкен физикалық (статикалық және динамикалық) шамадан тыс жүктемелерден, ақыл-ойдың шамадан тыс жүктелуінен, анализаторлардың шамадан тыс жүктелуінен (көру, есту, тактильді), еңбектің бірсарындылығынан, қажу жағдайларынан, ауыр жағдайдан туындаған шаршау салдарынан қате әрекеттер жасай алады.

Өндірістегі қауіпсіздікті басқару жүйесі ұйымдастырушылық деңгейде кәсіпорынның қауіпсіздік жағдайына әсер етеді. Қауіпсіздікті басқару жүйесі үш факторға байланысты: қауіпсіздікті басқару идеологиясы, қауіпсіздікті ұйымдастырушылық басқару және қауіпсіздікті басқару процедуралары. Өндіріс орындарында еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру өзекті мәселе.

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, ағымдағы зерттеу бірқатар ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, барлық кәсіпорындар мен ұйымдарда еңбекті қорғау және еңбек гигиенасы бөлімі қауіпсіздік ережелерін сақтауды күшейтуі керек. Сондай-ақ, бөлім қызметкерлердің стандартты процедураны орындауын қамтамасыз ету үшін мерзімді еңбек қауіпсіздігі мониторингі мен инспекциясын жүргізуі керек. Сонымен қатар, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы туралы хабардарлығын арттыру және оларды қауіпсіз жұмыс тәжірибесіне қатысуға ынталандыру үшін тренингтер мен ақпараттық науқандар өткізілуі керек.

Екіншіден, жұмысшылар өндірістегі жазатайым оқиғалардың ықтималдығын және олардың алдын-алу жолдарын білу сияқты еңбекті қорғау туралы тиісті ақпаратпен танысуы керек. Қызметкерлердің көпшілігі өз тәжірибелерінің арқасында жұмыстағы қауіптер мен кәсіби тәуекелдер туралы біледі. Алайда, қауіпсіздік бойынша оқытудың болмауы өндірістегі жазатайым оқиғалардың негізгі себебі ретінде қарастырылады, өйткені қызметкерлердің жұмыс орнындағы ықтимал қауіптерді тану үшін білімі мен дағдылары жеткіліксіз.

Үшіншіден, қауіпсіздік құралдары мен жабдықтарының жақсы сапасын қамтамасыз ету үшін кәсіпорын бюджетінен жеткілікті қаражат бөлуі өте маңызды. Жағдайды қаржыландырудың жетіспеушілігі қиындатады: біріншіден, компанияларда еңбекті қорғау шараларына қаражат жеткіліксіз; екіншіден, басшылық айыппұлдарды болдырмауға тырысады. Бұл әсіресе шағын бизнеске қатысты. Олардың айналымы төмен, демек, еңбекті қорғауға бағытталуы мүмкін қаражат тапшылығы жоғары.

Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі ережесін пайдалану үшін қажетті білімі бар екеніне көз жеткізу үшін құралдар мен жабдықтарды пайдалануды үйрету қажет. Қорғаныс жабдықтарының жеткілікті саны қамтамасыз етілуі керек, ал тозған қорғаныс жабдықтары жаңасымен ауыстырылуы керек. Бұл еңбекті қорғау саясатын жүзеге асырудың жоғары шығындарын көрсетсе де, қызметкерлердің әл-ауқатын қорғау кез келген ұйым үшін басымдыққа айналуы тиіс.

## ■ Қорытынды

Өндірістік орындарда апаттардың жоғары деңгейіне жауап беру үшін жазатайым оқиғалардың алдын алу шығындарын объективті бағалау өте маңызды, алайда көптеген жұмыс орындарында, әсіресе шағын кәсіпорындарда жазатайым оқиғалардың алдын алу шаралары қарастырылмайды және оған қаражат бөлінбейді немесе оның көлемі жеткілікті емес.

Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінде өндірістік жазатайым оқиғалар тәуекелі өлшем шарттарының болмауы, сондай-ақ мұндай тәуекелдерді есептеу үшін талдамалық құралдардың болмауы бағалау критерийлері ретінде шетелдік нұсқаларын пайдалану қажеттігін негіздейді.

Қазақстанның өндірістік орындарында жазатайым оқиғалардың алдын алуда еңбек қауіпсіздігін сақтауда мәселелердің бар екендігі анықталып, оларды шешудің басты міндеттері бойынша ұсыныстар берілді, атап айтқанда:

- барлық кәсіпорындар мен ұйымдарда еңбекті қорғау және еңбек гигиенасы бөлімі қауіпсіздік ережелерін сақтауды күшейту;
- қауіпсіздік бойынша жұмыскерлерді оқытуды ұйымдастыру,
- қауіпсіздік құралдары мен жабдықтарының жақсы сапасын қамтамасыз ету үшін кәсіпорын бюджетінен жеткілікті қаражат бөлу.

Өндірістік орындарда жұмыстарды орындау кезінде еңбек қорғаудың талаптарын орындау мен қадағалау жазатайым оқиғалардың алдын алуға, өндірістік қауіпті азайтуға, өндірістік жарақаттанудың әсерінен жұмыс-



скерлердің өлім санын азайтуға мүмкіндік береді, жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау және сол арқылы Қазақстан халқының өмір сүру сапасын жақсартуға және демографиялық жағдайды тұрақтандыруға ықпал ететін болады.

### ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасындағы қауіпсіз еңбектің экономикалық проблемалары және сақтандыру тетігін институционалдық қайта құру» (ИРН BR11965728) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Республикалық Еңбекті қорғау ғылыми-зерттеу институтының бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде орындалған.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кузнецова Е.А. Методы расследования несчастных случаев на производстве//Экономика труда - 2020.-№7(12).- С.1307-1322.
2. Miguel A., Camino L., Ritzel D.O., Fontaneda I., Alcantara O.J.G. Construction industry accidents in Spain//Journal of Safety Research.- 2008.-№5(39).-pp.497-507
3. Fu G., Xie X., Jia Q., Li Z., Chen P., Ge Y. The development history of accident causation models in the past 100 years: 24 Model, a more modern accident causation model// Process Safety and Environmental Protection [Электронды ресурсы] -URL: <https://www.researchgate.net/publication/337585409>
4. Абикинова Ш.К., Коваль А.П., Бекмагамбетов А.Б. Информационно-аналитическая система мониторинга безопасности и охраны труда в Республике Беларусь//Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли.- 2022.-№4(49).- С.328-335.
5. Räsänen, T., Reiman, A., Puolamäki K. et al. Finding statistically significant high accident counts in exploration of occupational accident data// Journal of Safety Research. -2022.- [Электронный ресурс] URL: <https://doi.org/10.1016/j.jsr.2022.04.003>
6. Рахимова, Г.А., Есенова Г.Ж., Алина Г.Б., Кабашева Н.В. Обзор и анализ теоретических основ страхования от несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний Норвегии // Вестник Национальной Академии Наук Республики Казахстан.-2022.-№ 4(398).-С.379-391.
7. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 524 бұйрығымен бекітілген кәсіптік тәуекелдерді басқару Қағидалары [Электронды ресурсы]-URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021197>
8. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика Бюросының ресми сайты. [Электронды ресурсы]. -URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat?lang=kk>
9. Турекулова Д.М., Петренко Е.С., Бекмагамбетов А.Б., Череева Б.Т. Современные модели управления охраной труда в зарубежных странах//Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли, 2022.-№4(49). С.328-335.
10. Коваль, А.П. Средства коллективной защиты как основа сокращения производственного травматизма в Республике Казахстан// Проблемы агропродовольствия.-2022.-№3.-С.55-63.
11. Driscoll T., Fingerhut M. Occupational Death/Injury Rates//reference Module in Biomedical Sciences from International Encyclopedia of Public Health -2008.-pp.627-638.
12. Hyder A.A., Aggarwal A. The Increasing Burden of Injuries in Eastern Europe and Eurasia: Making the Case for Safety Investments // Health Policy.-2009.-Vol.89. Iss.1. P. 1-13.

### REFERENCES:

1. Kuznecova E.A. Metody rassledovaniya neschastnyh sluchaev na proizvodstve//Jekonomika truda - 2020.-№7(12).- S.1307-1322.
2. Miguel A., Camino L., Ritzel D.O., Fontaneda I., Alcantara O.J.G. Construction industry accidents in Spain//Journal of Safety Research.- 2008.-№5(39).-pp.497-507
3. Fu G., Xie X., Jia Q., Li Z., Chen P., Ge Y. The development history of accident causation models in the past 100 years: 24 Model, a more modern accident causation model// Process Safety and Environmental Protection [Elektronnyj resurs] -URL: <https://www.researchgate.net/publication/337585409>
4. Abikenova Sh.K., Koval' A.P., Bekmagambetov A.B. Informacionno-analiticheskaja sistema monitoringa bezopasnosti i ohrany truda v Respublike Belarus//Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli.- 2022.-№4(49).- S.328-335.
5. Räsänen, T., Reiman, A., Puolamäki K. et al. Finding statistically significant high accident counts in exploration of occupational accident data// Journal of Safety Research. -2022.- [Elektronnyj resurs] URL: <https://doi.org/10.1016/j.jsr.2022.04.003>
6. Rahimova, G.A., Esenova G.Zh., Alina G.B., Kabasheva N.V. Obzor i analiz teoreticheskikh osnov strahovaniya ot neschastnyh sluchaev na proizvodstve i professional'nyh zaboolevanij Norvegii // Vestnik Nacional'noj Akademii Nauki Respubliki Kazakhstan.-2022.-№ 4(398).- S.379-391.
7. Qazaqstan Respublikasy Eñbek jäne halyqty äleumettik qorğau ministriniñ 2022 jylğy 28 jeltosqandağy № 524 büiryğymen bekıtilgen käsıptik täuekelderdi basqaru Qağıdalary [Elektronnyj resurs]-URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021197>
8. QR Strategialyq josparlau jäne reformalar agentttiginiñ Ülttyq statistika Bürosynıñ resmi saity. [Elektronnyj resurs]. -URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat?lang=kk>
9. Turekulova D.M., Petrenko E.S., Bekmagambetov A.B., Chereeva B.T. Sovremennye modeli upravleniya ohranoj truda v zarubezhnyh stranah//Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli, 2022.-№4(49). S.328-335.
10. Koval', A.P. Sredstva kolektivnoj zashhity kak osnova sokrashheniya proizvodstvennogo travmatizma v Respublike Kazakhstan// Problemy agrorynka. -2022.-№3.-S.55-63.
11. Driscoll T., Fingerhut M. Occupational Death/Injury Rates//reference Module in Biomedical Sciences from International Encyclopedia of Public Health -2008.-pp.627-638.
12. Hyder A.A., Aggarwal A. The Increasing Burden of Injuries in Eastern Europe and Eurasia: Making the Case for Safety Investments // Health Policy.-2009.-Vol.89. Iss.1. P.1-13.

## ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ УПРАВЛЕНИЯ РИСКОМ НЕ-СЧАСТНЫХ СЛУЧАЕВ В КАЗАХСТАНЕ

**Р.К.Сабирова**

к. э. н., профессор

Атырауский филиал РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан»

г. Атырау, Республика Казахстан

основной автор (автор для корреспонденции)

E-mail: sabirovarysty@mail.ru

ORCID: 0000-0002-9947-6564

**Аннотация.** По данным Всемирной организации здравоохранения, предотвращение несчастных случаев является одной из самых важных проблем во многих государствах. Несчастные случаи приводят к потере человеческих ресурсов, то есть к потере трудоспособности, ухудшению социального положения человека, качества жизни и преждевременной смерти. Кроме того, каждый несчастный случай, произошедший в результате плохих условий труда, наносит государству огромный материальный ущерб.

Основная цель данной статьи - проанализировать статистические данные по несчастным случаям, связанным с условиями труда работников, занятых в отраслях экономики Республики Казахстан, рассмотреть основные факторы и причины несчастных случаев и обосновать направления профилактики.

В качестве метода исследования использовались когнитивный метод, метод статистического анализа и синтеза. Проведен обзор отечественных и зарубежных научных трудов по несчастным случаям, проведен анализ научных источников.

В исследовании на основе анализа опасных производственных факторов и причин несчастных случаев даны рекомендации по снижению рисков смерти и тяжелого травматизма работников на производстве, в частности авторы предлагают улучшить условия труда, повысить знания работников о безопасности труда, улучшить качество применяемого на производстве оборудования и усилить трудовую дисциплину.

**Ключевые слова:** Казахстан; профессиональный риск; несчастный случай; безопасность труда; охрана труда; Трудовой кодекс;

## THE MAIN DIRECTIONS OF ACCIDENT RISK MANAGEMENT IN KAZAKHSTAN

**R.K. Sabirova**

c.e.s., professor

Republican Research Institute of Occupational Safety of the Ministry of Labor and Social Protection of Population of the Republic of Kazakhstan

Kh. Dosmukhamedov Atyrau University

Atyrau, Republic of Kazakhstan

the main author (the author for correspondence)

E-mail: sabirovarysty@mail.ru

ORCID: 0000-0002-9947-6564

**Abstract:** According to the World Health Organization, accident prevention is one of the most important problems in many countries. Accidents lead to the loss of human resources, that is, to disability, deterioration of a person's social status, quality of life and premature death. In addition, every accident that occurred as a result of poor working conditions causes huge material damage to the state.

The main purpose of this article is to analyze statistical data on accidents related to the working conditions of workers employed in the sectors of the economy of the Republic of Kazakhstan, to consider the main factors and causes of accidents and to justify the directions of prevention.

The cognitive method, the method of statistical analysis and synthesis were used as the research method. A review of domestic and foreign scientific works on accidents was carried out, an analysis of scientific sources was carried out.

In the study, based on the analysis of hazardous production factors and causes of accidents, recommendations are given to reduce the risks of death and serious injury of workers at work, in particular, the authors propose to improve working conditions, increase workers' knowledge of occupational safety, improve the quality of equipment used in production and strengthen labor discipline.

**Keywords:** Kazakhstan; occupational risk; accident; labor safety; labor; Labor Code